



КАТОНҚАРАҒАЙ АУДАНЫНЫҢ ГАЗЕТІ

Арай

ГАЗЕТ 1933 ЖЫЛДЫҢ 10 ТАМЫЗЫНАН
ШЫҒА БАСТАДЫ

№ 35 (7919)
Жұма,
26 тамыз 2016 жыл

Басылымға жауапты
«Арай» - «Луч» ЖШС

♦ РЕСПУБЛИКАДА

ЖАҢАЛЫҚТАР

Елбасының төрағалығымен елдің әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары және Жер реформасы жөніндегі комиссияның қызметі туралы кеңес өтті

Кеңеске Премьер-Министр К.Мәсімов, Президент Әкімшілігінің басшысы Ө.Жақсыбеков, Премьер-Министрдің орынбасары – Ауыл шаруашылығы министрі А.Мырзахметов, Президенттің көмекшісі – Қауіпсіздік кеңесінің хатшысы Н.Ермекебаев, Ұлттық экономика министрі Қ.Бишімбаев қатысты. Іс-шара барысында Жер реформасы жөніндегі комиссияның жұмыс қорытындылары талқыланып, жер заңнамасының өзгерістеріне мораторийді



5 жылға ұзарту туралы шешім қабылданды.

– Жер кодексінің бірқатар нормаларына мораторий енгізілген кезден бастап комиссия маңызды жұмыс жүргізді, елдің барлық өңірінде кеңес өткізіп, азаматтардың пікірін тыңдады. Жұмыс барысында олар жақсы ұсыныстар айтты, атап айтқанда, жалға беретін телімдердің шекті көлемін, жерді пайдалану тәсілдері мен оны тиімсіз пайдаланған жағдайда қабылданатын шараларды анықтау туралы ұсыныстар енгізілді. Осылайша, бөрі жерді 49 жылға дейін жалға беру институтын сақтау қажет деген ортақ шешімге келді. Сонымен бірге, әлемдік тәжірибені тағы да зерттеп, қосымша уақыт қажет екені туралы тұрғындарға біліктілікпен түсіндіру керек. Сондықтан Комиссияның мораторийді тағы 5 жылға ұзарту туралы ұсынысын қабылдаймын, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Сондай-ақ, Қазақстан Президенті Үкіметтің жер заңнамасына өзгерістер енгізу туралы шешім қабылдаған кезде агроөнеркәсіп саласына қаражат тарту мақсатын басшылыққа алғанын атап өтті.

– Ауылдық жерлерде халықтың шамамен 40%-ы тұрып жатыр, 20%-ы ауылда еңбек етеді. Ауыл шаруашылығын өркендету көптеген салалардың дамуына септігін тигізеді. Ауыл шаруашылығымен айналысатындардың барлығы бұл салаға қолдау көрсету үшін мемлекеттің қандай күш-жігер жұмсағанын жақсы біледі. Жыл сайын аграрлық секторға айтарлықтай қаражат жұмсалады, бірақ ол өзін ақтай бермейді. Нарықтық экономика олай болмайды. Мұның себебі ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігінің төмендігінде жатыр, ал оны арттыру үшін қосымша қаражат салу керек. Бүкіл әлем аграрлық секторға инвестиция тарту ісімен айналысуда. Біздің мемлекетіміз де ауыл шаруашылығын дамыту үшін көбірек капитал тартуды қалады. Егер бұл жұмыс түсіндіруден басталып, тек содан соң ғана заңдар қабылдана, онда ахуал басқа болар еді, – деді Мемлекет басшысы.

Бұдан бөлек, кеңесте республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі мәселелері, мемлекеттік бағдарламалардың орындалу барысы және алдағы кезеңге арналған жоспарлар қарастырылды.

– Елдің экономикалық дамуы әлемде болып жатқан үдерістер салдарынан зор қысым көріп отыр. Қазіргі қаржылық-экономикалық дағдарыс, сандық экономиканың жаңа парадигмасына көшу бізден мүлде жаңа қадамдар талап етеді. Біз соны таба білуіміз керек, бұл үшін елде ресурстар жеткілікті, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Өз баяндамасында А.Мырзахметов Мемлекет басшысының тапсырмасымен құрылған комиссия Астанада, сондай-ақ бірқатар өңірде жұртшылықтың қатысуымен көшпелі отырыс өткізгенін айтты.


– Азаматтардың арыз-шағымдары үшін арнаулы сайт ашылып, call-орталықтар құрылды, бүгінде оларға 13 мыңнан астам телефон қоңырауы түскен. Түсіндіру жұмыстары барысында жұртшылықты барынша кеңірек қамту үшін әкімдіктер жанындағы қоғамдық кеңестер іске тартылды, халықтың 67 мың өкілімен кездесу өтті, – деді Премьер-Министрдің орынбасары – Ауыл шаруашылығы министрі.

А.Мырзахметов комиссияның негізгі ұсыныстары, соның ішінде ауыл шаруашылығы жерін жалға беру институтын сақтап, одан әрі дамыту, жалға берілетін жер телімдерінің шекті көлемін белгілеу қажеттігі жөнінде де айтты. Сондай-ақ халықтың жайылымдар мен шабындық жерлерге қатысты мүддесі мен талаптарын ескеру керектігі, жеке тұрғын үй салу үшін жер берудің нақты ережелері мен тетіктерін анықтау қажеттігі аталып өтті.

Мемлекет басшысы кеңес қорытындысы бойынша бірқатар тапсырма берді.

akorda.kz

Құттықтаймыз!



ҚҰРМЕТТІ КАТОНҚАРАҒАЙЛЫҚТАР!

Баршаңызды 30 тамыз күні еліміздің басты құжаты және еліміздің ең маңызды мерекесі - Конституция күнімен құттықтаймыз!

Биыл қазақстандықтардың тікелей дауыс беруі арқылы бүкілхалықтық референдумда қабылданған Республика Конституциясына жиырма бір жыл толады. Конституция қабылданғаннан бері өткен уақыт тарихи өлшемдер тұрғысынан аз болғанымен, еліміз аяғына нық басып, әлемдік деңгейдегі орны жоғарылады. Айбыны асқақ, айдыны кең Конституция заңдылығы ел мен халық мүддесі үшін салиқалы да салмақты қызмет көрсетіп, азаматтардың құқығына және бостандығына нақты кепілдік беріп отыр. Тәуелсіз еліміздің басты құжаты барлық қазақстандықтарға бірдей құқық пен мүмкіндіктер ұсына отырып, келер ұрпақ пен мемлекетіміздің тағдыры үшін жауапкершілік жүктейді. Бүгінгі таңда билік пен қоғамның басты мақсаты - Конституцияда белгіленген жасампаз әлеуетті іске асыру болып отыр.

Ата Заң мерекесімен шын жүректен құттықтай отырып, ынтымағы жарасқан еліміздің бағын асыратын, мерейін тасытатын үлкен істе баршаңызға сәттілік, әр шаңыраққа құт-береке, ырыс пен ынтымақ тілейміз! Ел іргесі аман, келешегіміз кемел болсын!

Қымбатты жерлестер!

Ата Заң мерекесімен шын жүректен құттықтай отырып, ынтымағы жарасқан еліміздің бағын асыратын, мерейін тасытатын үлкен істе баршаңызға сәттілік, әр шаңыраққа құт-береке, ырыс пен ынтымақ тілейміз! Ел іргесі аман, келешегіміз кемел болсын!

ҚҰРМЕТТІ ҰСТАЗДАР!

ҚҰРМЕТТІ АТА-АНАЛАР МЕН ОҚУШЫЛАРЫ!

Сіздерді егемен еліміздің жарқын мерекелерінің бірі - Білім күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен жас ұрпаққа саналы тәрбие, сапалы білім берудің талаптары күн тәртібінен түскен емес. Соның бір дәлелін Президентіміздің Қазақстан халқына арнаған жылдағы Жолдауларынан айқын көруге болады. Жолдауда: «Әмір бойы білім алу» әрбір қазақстандықтың жеке кредосына айналуы тиіс» - деп қадап айтылған.

«Ел болашағы - жас ұрпақ» деген халық даналығы бар. Сондықтан да білімді, рухы жоғары ұрпақ өсіру, тәрбиелеу ұстаздар қауымына үлкен міндет әрі зор сенім жүктейді. Білім беру саласы қызметкерлерінің өз істеріне деген жауапкершілігінің арқасында оқушыларымыз әртүрлі білім сайыстарында жетістіктерге жетуде. Күннен-күнге білім беру мекемелерінің материалдық-техникалық базасы жаңғыртылып, олардың іскерлігін арттыру және қамқорлық көрсетуге бағытталған мақсатты жұмыстар аз атқарылып отырған жоқ.

Құрметті ұстаздар, жас достар мен ата-аналар!

Жас ұрпаққа тәрбие мен білім берудегі қиындығы мол еңбектеріңізге тың табыстарға қол жеткізулеріңізге шынайы тілектеспіз! Ертеңгі күні, бүгінгі оқушыларымыз ата-бабамыздың елі мен жеріне деген сүйіспеншілік қасиеті дарыған, білімді әрі ой өрісі кең азаматтар болып өсетіндеріне сенімдіміз. Әрдайым осы сенімнен шыға біліңіздер. Білім күні құтты болсын!

Аудан әкімі Ахметқали Нұрғожин.
Аудандық мәслихат хатшысы Дүйсен Бралинов.

■ РЕСМИ БӨЛІМ

Қоғамдық Кеңес отырысы

18 тамыз күні аудандық әкімдіктің мәжіліс залында Қоғамдық Кеңестің кезекті отырысы өтті. Кеңестің төрағасы Вячеслав Малахов жүргізген отырыс барысында Қазақстан Республикасы жер заңнамалары жайлы сұрақтар қарастырылды. Алқалы жиын жұмысына Қоғамдық кеңес мүшелері, жер қатынастары, ауылшаруашылық бөлімдерінің басшылары, аудандық мәслихат депутаттары, ауылдық округтер әкімдері, шаруа қожалықтардың басшылары қатысты.

Аудандық жер қатынастары бөлімінің басшысы Болат Қанапин жасаған баяндамасында ҚР жер заңнамалары жайлы түсінік беріп, ауданның ауылшаруашылық жерлерінің бүгінгі жағдайы жайлы айтты.

– Жер қатынастары бөлімі ауылдық округтермен бірлесе елдімекендер маңындағы жерлерді орналастыру жұмыстарын жүргізуде.

Ауданның жер балансы мәліметі бойынша елдімекендерге 46431 га қарасты, оның ішінде егістік – 1304 га, көпжылдық шөптер – 53 га, шабындық – 802 га, жайылымдық – 35753 га.

Ауылдық округтер берген мәлімет бойынша қосымша 21 елдімекен жерлерін көбейту көзделуде. Бұл мақсатқа 41379 га, оның ішінде 38117 га мемлекет меншігіндегі қорда тұрған жерлерден ауылшаруашылық жерлер және 3244 га шаруа және фермерлік қожалықтар меншігінде тұрған жерлер

алынып, елдімекендер аумағына қосып, шабындыққа және ауылдардағы меншік малдарын жаюға жайылымдыққа берілмек.

Жер үлескерлерін тиімді пайдалану саласында бір қатар өзгерістер бар. Ауылшаруашылық жерлерді мақсатты пайдаланбау жағдайында жалға алған иелеріне ескерту жасалады, ал одан нәтиже шықпаған жағдайда бұл жер үлескерлері алынып, ауданның жер қорына тапсырылады. Кейін оларды бөлу кезінде ауылшаруашылық саласында тәжірибесі бар, иелігінде ауылшаруашылық техникасы, өңдеу құралдары, қоймасы, қыстақ орны бар аудан азаматтарына басымдылық көрсетілетін болады.

Елдімекен аумағынан тұрғын үй салуға немесе жеке шаруашылық жүргізуге ресімделген жер үлескерлерін еш жұмыстар атқарылмай бір жылдан астам уақыт өтсе, иесіз жер ретінде мемлекет иелігіне қайтарылады, – деді Б.Қанапин.

Сонымен қатар, ол өз баяндамасында жоспарлы-картографиялық материалдардың жоқтығынан, бір де бір елдімекеннің шекаралары белгіленбегендіктен және ауылдардың ішкі шаруашылық жерледі орналастыру жобалары жоқтығынан жер мәселесі бойынша тұрғындар арасында даулар шығып жататындығын атап өтті.

(Басы. Соңы 2-бетте)

(Соңы. Басы 1-бетте)

Сондай-ақ, ол бүгінде жер қатынастары бөлімі аудан әкімі Ахметқали Нұрғожиннің тапсырмасы бойынша Үлкен Нарын, Катонқарағай, Топқайың ауылдарының елдімекенге қарасты жерлерін арттыру бойынша жұмыстар жасап жатқандығын жеткізді.

Баяндама соңында Болат Жабашқанұлы, ауданда жер мәселесі туралы түсінік жұмыстарын жүргізетін насихат тобы құрамында, жер қатынастары бөлімінің мамандары ауыл тұрғындарымен кездесіп, ҚР жер заңнамалары жайлы түсінік жұмыстарын жүргізетіндігін айта кетті.

Б.Қанапиннің баяндамасына толықтырулар жасаған ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Рақымғали Байгереев, ауданда жерді тиімді пайдалану бойынша бақылау жұмыстарын жүргізетін жер инспекторы қажет екендігін айтты.

ШҚО бойынша үкіметтік емес акционерлік қоғам «Азаматтарға арналған үкімет «Мемлекеттік корпорациясы» филиалы аудандық жер кадастрі және жылжымайтын мүлікті техникалық тексеру бөлімінің басшысы Светлана Тузикова отырысқа қатысушыларға жер кадастрі ғылыми-өндірістік орталығының «Азаматтарға арналған үкімет «Мемлекеттік корпорациясы» филиалы болып өзгертілгендігі жайлы және оның тұрғындарға көрсететін қызметі жайлы ақпарат берді. Сонымен қатар, ол ҚР Жер кодексіндегі бабына жарияланған Мораторийге байланысты жер үлескелерін ресімдеу тәртібін түсіндірді.

Жиын барысында туындаған сауалдарға жер қатынастары және ауыл шаруашылығы бөлімдерінің басшылары жауап берді.

Отырыс соңында дауыс берумен ауданда жер инспекторы қызметі енгізу бойынша ұсынысты бірауыздан қолдап, тиісті органдарға сұрату хат жіберу туралы шешім қабылданды.

Жанар Қасымханова.

Тәуелсіздік тірегі - Ата заң

Қазақстан мемлекеттік тәуелсіздік алғаннан бері жиырма бес жыл. Тарих ауқымын алғанда бұл уақыт жиынтығы ғана, ал мұндай уақыттың ішінде, әлбетте, мемлекеттік дамудың сапалық жағынан жаңа үлгісін қалыптастыру біршама қиын. Жиырма бес жыл – тәуелсіз ел үшін бір ғасырға татитын уақиғаларды бойына жинақтаған уақыт болды. Қоғамның рухани өміріне, оның әлеуметтік көңіл-күйіне, ұлттық сананың өсуіне байланысты салаларда да біршама күрделі жұмыстар атқарылды. Тәуелсіз мемлекет идеологиясының басты бағыты оның тарихи дамуы, пайымдауы және дамудың тәуелсіз жолдары туралы идеяларды жүзеге асыру болып табылады. Қазақстан зайырлы, демократиялық, құқықтық және әлемге ашық мемлекет құра алды. Бұл принциптер біздің Конституциямызда баянды етілген.

Халқымыздың арманының шынайы қайнар көзі, еліміздің бүкіл заңнамасының негізі, мемлекеттің алтын арқауы, ең жоғары заң күшіне ие Ата Заңымызға биыл 21 жыл толғалы отыр. 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған Ата Заңымыз – тәуелсіз, егеменді мемлекеттің конституциялық дамуының жаңа кезеңіне жол ашқан тарихи құжат және заң қарпінде өрнектелген жалпыұлттық идея, яғни ата-бабаларымыздың, азаттық және тәуелсіз ел туралы армандарының құқықтық бейнесі. Сондықтан да, елімізде жыл көлемінде өткізілетін патриоттық акциялар мен түрлі іс-шаралар, негізгі заңға деген құрметтен туындаған. Біз жыл сайын Конституция күнін елдің Негізгі Заңына деген құрмет үшін ғана емес, ең алдымен өмір ережелері мен нормалары үшін атап өтеміз. Ата Заң – біздің демократиялық дамуымыздың негізі. Конституцияны қастерлеу – мемлекеттілікті қастерлеу, елдікті, егемендікті құрметтеу. Республикамыздың Конституциясында адам мен азаматтың, мемлекеттік және қоғамдық құрылыстың мәртебесі, стратегиялық құқықтық идеялар нақты белгіленген. Конституция әрбір жеке тұлға мен олардың өмірін, құқықтары мен бостандықтарын Республикамыздың ең қымбат қазынасы ретінде танып, мемлекеттен олардың орындалуына толық жағдай жасауды талап етеді. Өздеріңізге белгілі Елбасының ұсынысымен 1998 және 2007 жылы Ата Заңымызға өзгертулер мен толықтырулар енгізілді. Бірақ бұл заман талабына сай жасалған шара болды. Қазақстан қоғамды демократиялауға бағыт алған ел. Конституциялық



реформада еліміз президенттік басқарудан президенттік-парламенттік басқаруға ауысты, парламенттің рөлі артып, саяси партиялардың рөлі, сот жүйесінің тәуелсіздігі нығая түсті. Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесі бойынша Ата заңға маңызды жаңалықтар енгізілді, өкілді органдар – мәслихаттардың маңызы артты.

Конституция күні қол жеткізілген жетістіктерімізді жұртшылықтың назарына жеткізу – әр мемлекеттік қызметтегі басшының парызы санай отырып, сіздерді еліміздің саяси, мәдени, рухани және экономикалық дамуымыздың қайнар көзі Конституция мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Еліміз еңселі, дамыған елдер қатарында терезесі тең, халқы ауқатты, көк аспанда қыранымыз қалықтаған, бейбіт өмір кешейік. Мәңгілік елде береке – бірлігіміз мәңгілік болғай!

Қайрат Нұрқанов,
аудандық әділет басқармасының басшысы.

КҮН ТАҚЫРЫБЫ

Ауыл жаппай пішен дайындауда жүр

Кеңес заманында жер жағдайы қиын Катонқарағай өңіріндегі тұрғындарға жеке меншік малдарына қыстық жем-шөп дайындап алу – қиынның-қиыны еді. Қолдағы бір-екі сауын сиырлары мен оншақты ұсақ тұяқ малдарына азық қорын жасап алу үшін мемлекеттік қызметтегілер кезектесіп, арнайы еңбек демалысын алып, бүкіл бала-шағасымен мойындарына тартпа мен айыр салып, тау-тасты кезіп, сай-саладан шөп шабатын. Шөп шабу кезінде катонқарағайлықтар қайтыс болғандарын жерлеу рәсімдерін өткізу сияқты, ертеңге қалдыруға болмайтын жұмыстардан басқаға бір күндерін де қимайтын. Катонқарағайлықтардың

міне, осындай қауырт жұмыстағы кезін жазушы-драматург жерлесіміз Оралхан Бөкей «Катонқарағайдағы кішігірім соғыс» деп атап кеткен.

Ұжымшарлар мен кеңшарлар жойылғалы, катонқарағайлықтар бұрынғы қиындықтарынан құтылды. Бүгінде көпшілігі қол тартпа ұстауды да ұмытқандай. Бұрынғы кеңшарлардың иелігіндегі шабындықтар енді жекеменшіктің меншігіне көшкен. Шаруа қожалықтары, ауыл адамдары заң талаптарымен иеленген шабындықтарын техникамен, қалаған уақыттарында шауып, өнімін де жинап ала алады.

Айтар жоқ, биыл өңірде шөп өте



жұмыстарына тас-түйін дайындықтармен келіп, жұмыстарын нәтижелі аяқтаған немесе аяқтау үстінде.

Сондай-ақ, осы ауылдық округтен Сайран Шәріпов, Есен Сайынов, Абзал Әлиханов, Мейрамхан Мұқышев, Мұрат Қасымов сынды азаматтар да жемісті еңбек етіп жүр. Олар тек өздеріне жем-шөп дайындап қана қоймай, сатып алған жаңа техникаларымен ауылдастарына көмектесіп, үлкен азаматтық танытуда.

- Бұрын бір ауылда небәрі үш-төрт

жұмсауда. Мұнда жаңадан алынған техникалар болмаса да, қолда бар мүмкіндіктерін кәсіпкерлер Мыңғат Зұрғынбаев, Бауыржан Бәзілбеков, Жайдарбек Иманмәлік, Сергей Ахметов қалт жібермей келеді. Катонқарағай ауылдық округінің кәсіпкерлері мен жекеменшік мал иелері де алдағы тұрған қысқа қапысыз дайындалуда. Атап айтқанда, «Атамекен» (Т. Бәкімбаев), «Мұзтау» (Ө. Дәндібаев), «Шөгел» (Қ. Шыныбаев) тағы басқа шаруа қожалықтары өз иеліктеріндегі



жекеменшік малдарына жем-шөп дайындау жұмыстарының күрделі де қиын болуына бір жағынан сол кездегі аудан басшылары да себепкер болды. Олар тұрғындарға тамыз айының жиырма-сыңсыз шөп шабуға, қазан айы келмей, үйлеріне шөп тасымалдап әкелуге

бітік шықты. Алайда, ауа-райының қолайсыздығынан, ұзаққа созылған жауын-шашыннан шаруалар жиын-теріңге бұрынғыдан едәуір кеш кірісті. Соның өзінде, көптеген шаруа қожалықтары мен мал иелері екі аптадағы ашық күнді пайдаланып, жұмыстарын едәуір еңсеріп



тыйым салды. Жеті айлық қысы бар катонқарағайлықтарға бұдан кейін жас-кәрісіне, ауру-сырқауына қарамай, тауға барып, кейде қонаға жатып, шөп дайындауға тура келді. Ауылдастарының

жіберді. Атап айтқанда, Белқарағай ауылдық округінен «Өрнек» (басшысы Т. Елшібеков), «Баян» (Т. Исабаев), «Топқайың» (А. Қалибекова) тағы басқа шаруа қожалықты жем-шөп дайындау



трактордан ғана болса,-дейді ауыл әкімі Д. Қалибеков - бүгінде бұрынғы бір бөлімшенің техникалары бар. Әрі, барлығы жаңа. Жақында біздің округтен кәсіпкерлер Мейрамхан Мұқышев, Мұрат Қасымов «КазАгросервис» арқылы доңғалақты тракторлар мен шөпті шауып жинайтын техникаларды сатып әкелді.

Әрбір ашық күнді Аққайнар ауылдық округінің тұрғындары да тиімді пайдаланып қалуға барлық күш-жігерлерін

шабындықтарының шөбін толықтай жинап алуға жақын.

«Жаздың бір күні-жылға азық» деп білетін ауыл тұрғындары үшін, жем-шөп дайындау ең басты науқан. Катонқарағайлықтар оны сапалы, нәтижелі аяқтауды көздеп, отбасы мен әулетінің ертеңі, қара қазан мен қара баланың қамымен аянбай тер төгуде.

Жәнібек Қызыр.
Сурет автордікі.



Ауыл тұрғындарына медициналық көмек



диагностикалық орталықтың мамандары келіп, қан айналым жүйесі ауруының алдын-алу мақсатындағы скринингтік тексеру жүргізді. Медициналық бригада құрамында функционалдық диагностика дәрігері - Салтанат Тұрсынбекова, кардиолог дәрігер - Еділ Жекебаев және медбикелер

- Мадина Дүйсенбаева, Гүлнар Мусина болды.

Аталмыш мамандар 16-17 тамыз күндері Үлкен Нарын ауылында - 100 адам, Ново-Поляковка ауылында - 30 адам, Солоновкада - 50 адам және Алтын-белде - 39 адамды қабылдады. Жұмыс

барысында 3 туа біткен патология анықталып, толықтай тексерілуге жолдама берілді. Скринингтік қараудан өткен облыстық медициналық қараудан өтуге мүмкіншіліктері бола бермейтіндігін ескеріп, ауыл тұрғындары дәрігерлерге өз ризашылықтарын білдірді.

2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы медицина қызметкерлері алдына қолжетімді, толық және сапалы медициналық қызмет көрсету, сырқаттың алдын-алуды басты мақсат етіп қояды. Аудандық аурухана қызметкерлері жоғарыда айтылған бағдарламаны іске асыру мақсатында шалғай ауыл тұрғындарына қолжетімді медициналық қызмет көрсетудің



бастапқы қадамдарының бірін болашақта да жүзеге асыруға күш салатын болады.

Владимир Егоров,
СӨС кабинетінің дәрігері.

ҚАЗАҚСТАН СОТТАРЫН РЕФОРМАЛАУДЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ

Елбасының бес институционалды реформасының бір бағыты-заңдардың үстемдігін қамтамасыз етудегі сот қызметі болып табылады. Биліктің бұл тетігі-азаматтар мен заңды тұлғалардың өз құқықтарын қорғау үшін жүгінетін бірден-бір құзырлы орын. Конституциямыздың 13,14 баптарындағы «Әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуын құқығы бар», «Заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең»- деген қағидалар еліміз тәуелсіздік алғалы құқық саласындағы басымдық беріліп келе жатқан негізгі бағыттар. Мемлекет басшысы «Ұлт жоспары-қазақстандық арманға бастайтын жол» мақаласында сот реформасының маңызын айта келе, «Әділдік нақ сотта салтанат құратыны белгілі»-деп көрсетіп, мемлекеттің одан әрі дамуындағы соттың ерекше рөлін айқындап көрсетті.

Мемлекет басшысы жариялаған Ұлт жоспарының «Заң үстемдігін қамтамасыз етуде» көздеген екінші бағыты бойынша сот жүйесін реформалауға тікелей қатысты 11 мақсатты қадамды жүзеге асыруға бағытталған жұмыстар бойынша қазіргі уақытта көптеген ауқымды істер тындырылып, сот реформасы тереңдетілуде.

Еліміздің сот реформасын одан әрі қарай жетілдіру мәселесі қазіргі таңда еліміздің экономикасында, әлеуметтік салада, тұтас әлемде шұғыл түрде жасалып жатқан бетбұрыстар, жаңа бағыттар мен өзгерістерге байланысты болып отыр. Тәуелсіз сот төрелігін толыққанды орнату үшін сот жүйесі қызметінің азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етіп, заңдарды дұрыс қолдануын арттыру қажет.

Кез-келген мемлекетте қоғамда заңдар орындалып, әділеттілік үстемдік құруы үшін сот корпусы жоғары моральдық қасиетке ие, білікті мамандардан құрылуы тиіс. Ұлт жоспарында көрініс тапқан міндеттердің бірқатары осы сапалы сот корпусын қалыптастыруға арналып отыр. Дәлірек айтқанда, он жетінші қадамда сот лауазымына үміткерлерге қойылатын біліктілік талаптары қатайтылып, кадрларды іріктеудің нақты мақсаттары қамтылды. Осы орайда, аудандық соттың судьялығына Қазақстан Республикасының азаматтары нақты бекітілген өлшемдер бойынша ғана тағайындала алады. Алдымен судьяға үміткердің жиырма бес жасқа толуы, екіншіден жоғары заңдық білімі, биік адамгершілік қасиеттерге және мінсіз азаматтық абыройға ие болуы қажет. Сонымен қатар үміткердің бес жылдан кем емес сот қызметімен байланысты және он жылдан кем емес заңгер мамандығы бойынша жұмыс етілдері болуы қажет. Азамат негізгі қызметінен қол үзіп, ақысы төленген бір жылдық тағылымдамадан өтіп, оның нәтижесі бойынша облыстық пленарлық отырыстың жайымды қорытындысын алуы керек. Азамат психологиялық тест, полиграфиялық зерттеуден өтуі қажет. Біліктілік емтихандардың өту шаралары үш кезенді қамтиды. Олар ең алдымен Қазақстан Республикасы заңдарын білу және оларды тәжірибеде қолдана

білу, үміткердің сот тәжірибесіндегі нақты жағдайлар бойынша өз білімін қолдана алу мүмкіндігін тексеру және психологиялық тестілеу. Биылғы жылдан бастап, Сот жириіне біліктілік және тәртіптік бағыттағы екі комиссия құрылып, жұмыс атқаруда. Біліктілік комиссиясы жұмыс істеп жүрген судьялардың кәсіби қызметін бағалау шарасын жүзеге асырады. Судьялардың әдеп кодексінің талаптарына сәйкестігін де зерделеу осы комиссияның құзырына жатады.

Судьялардың кәсіби қызметіне баға судья болып қызмет атқарған алғашқы жылдағы жұмысының нәтижелері бойынша беріледі. Кейін ол әрбір бес жыл сайын, егер жоғары тұрған соттың судьясы және сот төрғасы лауазымдарына жарияланған конкурстарға қатысқан жағдайда беріледі.

Судьялар есептілігін күшейту, қызмет атқарып жүрген судьялардың біліктілігін бағалау, азаматтарға судьялардың әрекетіне қатысты Сот жириіне шағым келтіру мүмкіндігінің берілуі судьялардың кәсіби тәртібін нығайтуға, сот төрелігін жүзеге асыру сапасын жақсартуға және осылардың нәтижесінде тұрғындардың сот жүйесіне деген сенімін арттыратыны сөзсіз.

Судьяларды іріктеу және тағайындау процесі қоғам үшін мөлдір де ашық болуы керек.

Мемлекет басшысы 2016 жылғы 6 қантардағы «Ұлт жоспары – қазақстандық арманға бастайтын жол» атты мақаласында Қазақстан соттарын реформалаудағы темірқазық мәселе – сапалы судьялар корпусын жасақтау екендігіне тоқтала келіп: «Сот төрелігін үлкен өмірлік тәжірибесі бар және жоғары моральдық ұстанымдарға ие ең лайықты, барынша дайындалған кәсіби шеберлер жүзеге асыруы тиіс»- деген болатын.

Судьялар Одағының өткен VI Съезінде сөйлеген сөзінде: «Халқы заңын сыйлайтын, сотына сенетін қоғам – ең дамыған қоғам. Біздің мақсатымыз – дәл сондай қоғам құру» - деп Елбасы Н.Назарбаев атап көрсетті.

Сапалы судьялар корпусын жасақтай – антқа адал, заңдарды бұлжытпай сақтайтын және судьялық мәртебені қадірлейтін, өзінің ар – ожданы мен жеке басының қадір-қасиетін сақтайтын судьялар есебінен құрылады. Сол себептен де сот билігінің беделін түсіретін, судьяның абырой-беделіне нұқсан келтіретін және сот төрелігін жүзеге асыру кезінде оның объективтілігі мен тәуелсіздігіне күмән тудыратын жағдайлардың бәрінен қандай жағдайда болмасын өзін аулақ ұстауы тиіс. Қызмет бабын өзінің жеке басының отбасы мүшелерінің, туыстары мен жақындарының мүдделері үшін пайдалануға болмайтындағы, бір сөзбен айтқанда, судьяларға қоғамның адамгершілік келбетін ажарландыратындай ізгілік талаптары қойылған.

Ж.Ерубаева,
Өскемен гарнизоны әскери сотының кеңсе меңгерушісі.



АСТАНАЛЫҚТАР ОЛИМПИАДА ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІН САЛТАНАТТЫ ТҮРДЕ КҮТІП АЛДЫ

Астана қаласының халықаралық әуежайында Рио Олимпиадасының чемпиондары мен жүлдегерлерін салтанатты күтіп алу шарасы өтті. Астана әуежайында

жанкүйерлер мен Олимпиадаға қатысқан спортшылардың туған- туыстары, достары жиналды.

Елордаға келген спортшылардың қатарында боксшылардан Біржан Жақыпов, Олжас Сәттібаев, Берік Әбдірахманов, Қайрат Ералиев, Абылайхан Жүсіпов, Жәнібек Әлімханұлы, Иван Дычко, Әділбеков Ниязымбетов, Василий Левит, Данияр Елеусінов, Жайна Шекербекова, Дариға Шәкімова, ал балуандардан Жұлдыз Ешімова, Екатерина Ларионова, Эльмира Сыздықова, Гүзел Манорова болды.

Байрақты бәсекеге қатысушыларды күтіп алуға Астана қаласының әкімі Әсет Исекешев те келді.

«Олимпиада жұлдыздарын құттықтаймын. Сіздер халықтың және осында тұрған азаматтардың сенімін ақтадыңыздар. Сіздер төртжылдықтың басты додасында ел намысын қорғадыңыздар. Сіздер нағыз батырсыздар. Мен сіздердің жаттықтырушыларыңызды және ата-аналарыңызды ұлы жеңіспен

құттықтаймын. Жеңістен жеңіске жете беріңіздер», – деді қала әкімі.

Ал Рио Олимпиадасының чемпионы Данияр Елеусінов жанкүйерлерге шексіз алғысын білдірді.

«Қолдау көрсеткендеріңіз үшін рахмет. Мұхиттың арғы жағында болсақта жанкүйер болғандарыңызды сезіндік. Біріншіден, спортшыларға осындай жағдай жасап жатқан Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевқа мың алғыс. Астана қаласының әкімі Әсет Исекешевке де алғысымды білдіремін. Осындай жетістікке жетуіміз бапкерлеріміздің арқасы. Өрі әкеме және бас бапкерге жеке алғысымды білдіремін», – деді бокстан Қазақстан құрамасының капитаны.

Қала әкімі Рио Олимпиадасының жүлдегерлеріне жаңа көліктің кілтін табыстады. Сондай-ақ Әсет Исекешев оларға жаңа пәтер берілетіндігін атап өтті.

Айта кетейік, осы жылғы Олимпиада ойындарына 28 спорт түрінен 206 мемлекет пен босқындар командаларынан 10 мыңнан астам спортшы қатысты.

Төртжылдықтың басты додасында еліміздің намысын 26 спорт түрінен 104 спортшы қорғады.

Қазақстан құрамасы 17 медальмен (3 алтын, 5 күміс, 9 қола) жалпыкомандалық есепте 22-ші орынға ие болды.

BNews.kz miniwici.

ЖЕРПЕСТЕРІМІЗДІҢ ЖЕҢІСІНЕ ҚУАНАМЫЗ

Дзюдо күнделігін РИО де Жаней-родан көріп отырып, өз өмірімде 50 жыл бұрын, жастық жалыным бойда тұрған 19 жасым қайта оралғандай әсер алдым.

Сонау Катонқарағай ауданының Өрел кеңшарында жазғы мал азығын дайындау науқанында болған сәт әлі ойымнан шыққан емес. Бірде түскі әредікте салмағы 100 кг артық Ерназар деген ағамыз ортаға шығып: - Кім менімен күреседі? - деп, жаңа-жаңа барлай қараған еді. Осы сәтті мұлт жібермей, отырғанның ішінен салмағы 70 кг болатын Тәлік Жылқышыбаев атты әскерден жаңадан оралған ағамыз ортаға шықты. Барлығымыз демімізді ішке тартып, мына ағамызда жүрек жоқ па, анадай алып күш иесімен күреске шығуы біз үшін ойға сыймайтын өрескел тәуекелдік еді. Міне барлығымыз куә болған, адам танданарлық оқиға болды: Тәлік сол жағымен келіп Ерназарды аздап орнынан қозғады да, алға аттап, қарсы әрекет жасаған кезінде солға шалқалай, аяғының үстінен Ерназарды жеңіл аунатып, шалқасынан түсіргенде, барлығымыз демімізді ішке

тартып, қатты сүйсіндік. Міне, сол кезден бастап, барлық ауыл жастары осы әдісті қатты ұнатып, үйреніп алдық. Бұл мен үшін алғаш күреске ден қойып, осы әдіспен жеңіске қолым жетіп, мектепте, институтта өнер көрсеткенмін. Өрине, мақтанғаным емес Семейде осы әдіспен өз салмағымда бірінші орынға ие болып, 60 кг салмақта Ресейде өткен аймақтық жарыста институт атынан қатысып, жеңіспен оралғаным әлі есімде. Оқу бітірген соң күресті қойып кетсем де, ауыл жастарына өз білгенімді көрсетіп, талай жастардың жеңіс тұғырынан көрінуіне көмегім тиді. Қазір теледидардан Олимпиада күнделігін көріп, қаншама мықтылардың өнеріне қарап, көңілге медеу тұтып, жерлестеріміздің жеңісіне қуанамыз. Жеңісті сәттердің куәсі болып, сонау жастық шаққа қайта оралып, күресте бірге болған, жеңіс тұғырынан сан мәрте көріне білген батыр жүректі достарымды еске аламын, соның бәрінен жоғары тұратын мен үшін биік тұлға - Тәлік Жылқышыбаев екенін жасыра алмаймын ...

Қайырхан Жадринов.
Солоновка ауылы.

АЛТЫН АЛТАЙ

БІРІКТІРЕТІН, БАҒЫТАТЫН «БАЛДЫ МЕЙРАМ»

Пұтқа табынушылар храмы, православиелік шағын шіркеу, қазақтың киіз үйі. Славяндық үйлену тойы, хоровод және қазақ халқының ұлттық дәстүрі – шашу. Әсем ұлттық киімдер киген әртүрлі ұлт өкілдері мен дінтұтынушылары. Сауда сөрелерінде янтарь түсті бал мен халықтық-қолөнер шығармашылығының бұйымдары...

Осының барлығын таяуда аудан аумағында «Алтын Алтай – өңірді дамыту байлығы» жобасы аясында өткен «Балды мейрам» этнофестивалінен байқадық.

... Құда түсу. Қызды ұзатқанда сыңсу айтылады (плакальщица), ал құрбылары оның шашын өреді. Олар күйеу жігітті сүйіктісіне жақындатпайды, ал жігіт достарының көмегіне жүгінеді. Онан соң, жас жұбайлар, олардың туған-туысқандары мен достары пұтқа табынушылар храмына келеді, оларды бақсылар, Сварог – әкей мен Лада – ана қарсы алады.

Қыз бен жігіт бір-бірінің аяқ киімдерін шешеді және олар жалаңаяқ бақсының алдына келеді. Сварог – әкей бата беріп,

нығайту мақсатында өткізілді.

Сондай-ақ, А.Нұрғожин ауданда омарташылықтың дамығанын және биылғы жылы омарташылар кооперативінің құрылғанын атап өтті, шараны ұйымдастырушылар – Вера Павловна Климоваға, жобаны үйлестірушілер – Светлана Белова мен Наталья Блохқа фестивальдың жоғары деңгейде ұйымдастырылғаны үшін ризашылығын білдірді.

Сондай-ақ, жиналғандарды осы жердің тумасы, ШҚО Мемлекеттік істер жөніндегі Департамент басшысы аудан әкімінің шақыртуымен келген Тоқтамыс Жұмағұлов құттықтады. Ол өз сөзінде қазіргі уақытта Қазақстанның бүкіл әлемге танымал екендігін, еліміздің барлық салаларындағы қоғамдық-саяси өмірде «Қазақстан - 2050» Стратегиясы қарқынды түрде жүзеге асырылып отырғандығын атап өтті. Және ауыл туризмін дамытуға бағытталған мұндай шараны өткізуге ел Тәуелсіздігінің арқасында қол жеткіздік деді ол.

Жобаның бас менеджері Светлана Белованың айтуынша, этнофестиваль өтетін аумақ белгіленген.



Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Туының жанында суретке түсті.

Бұл өте әсем өлке, мұнда тамаша адамдар өмір сүреді екен,- деді Чехия Республикасынан келген ауылдық туризмді дамыту бойынша маман Витэк Грдоушек. – Осы жобаның аясында біз бірлесе жұмыс істейміз, мұнда туризмді дамытудың зор әлеуеті бар екендігін айтып өткім келеді. Қазіргі уақытта Чехияда 10 млн. адам өмір сүреді және жыл сайын бізге 30 миллионға дейін туристер келеді. Меніңше, біртіндеп Қазақстан да осы деңгейге жетеді деп ойлаймын, біз бұған ықпал етуге тырысамыз.

Ертеде «Балды мейрам» («Медовый спас») мейрамында дәстүр бойынша тәтті сыйлықтар беретін. Мұндай сыйлықтар ретінде бал құйылған кішкентай бөшкелер фестивальға келген Серебрянск балалар үйінің тәрбиеленушілеріне берілді.

Құрметті оқырман, Ресей Империясының статистикасы бойынша 1856 жылы құрамына Бұқтырма болысы кірген Семей облысында 11980 ара ұясы болған, одан 2604 пұт бал және 272 пұт балауыз өндірілген. Ал, 1910-1911 жылдарда Өскеменде омарташылар курсы жұмыс істеген.

Бұл туралы және Алтайдағы омарташылықты дамытуға қатысты басқа да мәліметтерді фестиваль кезінде ұйымдастырылған көрме материалдарынан білуге болатын еді, мұны облыстық тарихи-өлкетану мұражайының қызметкерлері ұйымдастырған. Олар біздің назарымызға басқа да құнды көне

аударғым келеді,- дейді мұражай маманы Галина Куц, стендтегі суретті көрсетіп.- Олар осылайша Алтайдағы омарташылыққа жаңалық енгізушілер болып тарихта қалды. Михаэлис пен Федоров осы ара шелегі үшін ресейлік бал жәрмеңкелерінде сыйлықтар алған. Бұл ара шелектерін әлі күнге дейін облысымыздың көптеген омарташылары пайдаланады. Айта кетерлік жайт, осы уақытқа дейін омарташының бетпердесі де, түтіндеткіш («дымарь») те өзгерген жоқ.

Шығысқазақстандық зерттеуші ғалым, қалалық думаның мүшесі Евгений Петрович Михаэлис және омарташылық бойынша сол уақыттағы танымал маман Александр Николаевич Федоров жыл сайын дерлік Өскемен қаласында омарташылар курсын жүргізген, оған бал өндірудің жаңа тәсілін игеруге ниет білдірушілер облыстың түкпір-түкпірінен жиналған.

«Алтын Алтай – өңірді дамыту байлығы» жобасының аймақтық менеджері Наталья Блохтың айтуынша, жобаны жүзеге асыру аясында ауылдық аумақтардың әлеуетін арттыруға және ішкі рынокқа бағытталған бірнеше шаралар ұйымдастырылған.

Катонқарағай ауданында біз Бұқтырма жазығы бойынша өтетін және жақын маңдағы қалалардан келген туристерге арналған жеңіл бағытты аштық, бұл бағыт бойынша олардың бірнеше күн ауылдық жерде болып, жақсы демалуларына жағдайлар жасалған,- дейді Наталья Валентиновна. – Біз оны «Алтын Алтай» деп атадық. Мұнан өзге, жетім балалардың және мүмкіндіктері шектеулі балалар мен жастардың демалуына және кәсіби бағдар алуына бағытталған арнайы әлеуметтік бағдарламалар әзірледік. Осы маршрут бойына алты қонақүй жасадық, олардың бірі – Климов қонысының аумағында орналасқан. Бір қарағанда, бұл шағын демалыс базасы болса, енді бірде - қарапайым ауыл үйі болып көрінеді, ал мұнда – ара шелектерінің үстінде ұйықтайтын кешенді сауықтандыру шаралары жоспарланған инновациялық омарташылық. Біз бірнеше саяхаттау бағыттарын жасадық, олар бойынша туристер маңайды зерттей алады, тауға көтеріліп, Берел жазығын қызықтай алады. Берел қорғандары да бұл жерден алыс емес.

Бұл жобаны жүзеге асыру үшін Еуроодақ 350 мың еуроға таяу қаржы бөлген. Бұл қаржы 2014-2016 жылдарда тек Катонқарағай ауданында ғана емес, Риддер және Күршім аудандарында да ауылдық туризмді дамытуға пайдаланылатын болады.

Бүгінгі мереке тек омарташылардың ғана емес, бүкіл халықтың мерекесі,- деді Н.Блох. – Мұнда пұтқа табынушылықтан православиеге өту көрсетілген, осының барлығы қазақтың ұлттық мәдениетіне ұласқан. Сондықтан, мұнда киіз үй, шағын шіркеу және храм – барлығы да қатар орналасқан.

Меніңше, мерекенің басты мақсаты – Шығыс Қазақстан жерінде бірнеше мәдениет бірлесе отырып, ынтымақтастықта әрекет етуін көрсетуге – этнофестивальда қол жеткізілді.



сумен қыз бен жігіттің қол-аяқтарын жуады.

Бұл күні расында да, Зырян ауданының Богатырево ауылынан келген Иван мен Юлия үйленді. Ал бас бақсының рөлін Словакиядан келген қонақ ойнады, ол орыс тілінде сөйледі.

Сварог пен Ладаның басшылығымен аталмыш дәстүр әрі қарай жалғасты. Жас жұбайлар гүлден жасалған дәлізбен жасыл аркадан өтіп, христиандық храмға келеді. Жаңа дәуір басталды...

Ата-аналарының батасын алған олар бір-біріне дала түймедағы (ромашка) гүлінен жасалған тәждер кигізіп,сақина алмастырады. Шағын шіркеуге (часовня) кіреді. Онан соң, орыстың халық әндері әуенімен жастардың жолы гүлге бөленеді, домбырадан күй тегіліп, қазақтың ұлттық киімін киген қыздар құттықтау лебіздерін жеткізеді, шашу шашады.

Театрландырылған көрініс аяқталған соң, «Балды мейрам» этнофестивалінің салтанатты ашылуы болды. Ол Климовтың Аққайнар ауылдық округіндегі қонысында өтті. Осыдан біраз уақыт бұрын газетімізде жазылған симпозиум кезінде Вера Павловна Климованың омарташылығының аумағы безендірілген еді. Этнофестивальға жиналған қонақтардың көпшілігі ағаштан жасалған жансыз тұлғалар мен ертегі әлемінен алынған жануарлар мен құстардың мүсіндеріне қызыға қарады.

Аталмыш шараға шетелдік қонақтар – ресейліктер, чехтар, словактар, француздар қатысып, өз рольдерін ойнады, сондай-ақ, Зырян, Риддер және Катонқарағай аудандарының этномәдени бірлестіктерінің өкілдері қатысты. Этнофестивальді ашқан аудан әкімі Ахметқали Нұрғожин айтқандай, Еуроодақтың қолдауымен өткен бұл шараның маңыздылығы тіпті, республика аумағынан да тысқары жерлерге әйгілі болды. Ауданның беткеуастар саласы – омарташылықты насихаттау мен дамыту және ұлтаралық, дінаралық бірлікті

сенеміз,- деді ол. С. Белова аудан әкімі А.Нұрғожинге шараны өткізуге жан-жақты қолдау көрсеткені үшін және фестивальды даярлағандардың барлығына ризашылығын білдіріп, Алғыс хаттар табыс етті.



Шетелдіктер де біздің еліміз, ауданымыз жайлы жылы лебіздерін білдірді, осы жолдар авторының өтініші бойынша суреттерді, статистикалық мәліметтерді, ағаштан жасалған астауды, омарташылардың алғашқы құралдарын ұсынды. Мысалы, көрмеге Таулы Ульбинкадан шыққан танымал омарташы Дмитрий Понкратьевтің бет пердесі қойылды.

Сіздердің назарларыңызды ең алғаш рамалы ара шелектерін ойлап шығарған Михаэлис пен Федоровқа

ИННОВАЦИЯЛАР

Аралармен түнеу

Омарташылықтың әлеуеті өте зор! Ол омарташылықтың экономикалық өсуінде ғана емес, адамдардың денсаулығын жақсартуға да зор ықпал етеді. Аққайнар ауылдық округіндегі Вера Павловна Климованың омарташылығында болғанда, осыған көз жеткіздік.

... Зор ұқыптылықпен салынған қабырғаға жақын ара шелектері орнатылған ағаш үйдер. Әрбір ара шелегінің ішінде қайнаған еңбек: әрбір жәндік өз міндетін жақсы біледі. Және бұл өмір адамға күш-қуат беретін және сырқатынан айықтыратын бірегей биоөріс құрады.

Үйге кіріп, ара шелектерінің үстіне жатсаң, бір-екі минуттан соң, олардан шыққан жылуды сезіне бастайсың. Көп ұзамай, ұйықтап кеткенінді де байқамай қаласың...

2-3 сағат ұйықтап тұрсаң, айтарлықтай сергіп, өзінді 10 сағат ұйықтап тұрған адамдай сезінесің.

Самар ауылынан және Астанадан келген кәсіпкерлер Бақбалар Рыспаев пен Құмарбек Күсенов өз әсерлерін осылай жеткізді.

тақырыбына оралатын болсақ, Вера Климова бұл тақырыпқа Ленинградтағы жоғарғы партия мектебінің студенті бола жүрген кезден қызыққан.

- Көпшілік адамдар мұны қарапайым халық медицинасы деп ойлайды. Ал шынайы келгенде, адам ағзасына аралардың қалай әсер ететіндігін зерттеумен маңызды ғылыми-медициналық мекемелер шұғылданады,- дейді Вера Павловна. - Мысалы, кванттық физика институты, Рязандық медициналық академия. Жоғарғы партия мектебінде оқып жүрген кезімде мен газеттердің бірінен Ленинградтағы пульмонология институты украиналық білікті омарташылардың бірімен бірлесе отырып, аралардың көмегімен адамдарды демікпе (бронхиальная аст-



үнемі тұрақты және табиғи. Және ол адам биоөрісіне әсер ете отырып, оны реттейді. Бұл – жүйке және жүрек-қан тамырлары жүйесінің, тыныс алу жолдары сырқатының, тірек-қозғалу аппаратының және т.б. сырқаттарды емдеудің тиімді жолы.

Вера Павловна биорезонанстық терапияның тағы да бір ғажайып қасиеті жайлы айтты. Көптеген ара отбасыларында үнемі өмір жаңаланып, мықты энергетика бөлініп отырады, ол адамдар арасында болатын бедеулікті де емдейді екен.

Ара шелектерінен шыққан жылу бұлшық еттерді жылытып, буындарды да емдейді екен. Бұл туралы Үлкен Нарын ауылының тумасы, ресейлік әйгілі сайысшы (фехтовальщик) неше мәрте әлем және Еуропа чемпионы Вениамин Решетников та айтты. Ол да жуықта Климованың қонысында болған және ара шелектерінің әсерін өзі сынап көрген. Вениаминнің айтуынша, даярлық жиындары кезінде Француздың арнайы аппаратымен қыздырылғандай

қатып қалған қанатты жәндіктерді тауып алған, спектрографикалық сараптамадан өткізген ғалымдар дәлелдеген. Бір қызығы сол, 50 миллион жылдан астам өмір сүрсе де, аралар сол алғашқы түрлерін жоғалтпаған. Яғни, В.Климова бұған көз жеткізген.

- Мен ара адамға не үшін қажет деген сауалға үнемі жауап іздеймін,- дейді Вера Павловна. - Бұл тұрғыда менің алғашқы ойым – бұл адамды әртүрлі жамандықтан қорғауға арналған сауыт тәрізді деп ойлаймын. Егер, аралар жойылса, жер бетінен адамдар да жоғалады деп бекер айтылмаған сыңайлы. Бұл заманақырдың алғашқы белгісі болмақ. Сондықтан, мен бал тасушы араларға өте ұқыптылықпен қараймын. Және біз бір қасық балды аузымызға алғанда, қаншалықты жетілген азықты тұтынып отырғанымызды білуіміз қажет.

Ауданда 437 омарташылық жұмыс істейді, оларда 20 мыңнан астам ара шелектері бар. Ойлап қарасақ, бұл биорезонанстық терапия мен омарташылықтың емдік өнімін қолдана



... Вера Климованың шаруа қожалығын оның әкесі Павел Федорович 2001 жылы құрған. Және оны көп ойланбастан, өзінің тегімен атаған. Ақылды, еңбексүйгіш қызының бұл істі жалғастыратынын білгендей. Бірақ, Вера Павловна тек омарташылықты ғана сәтті жүргізіп қоймай, шаруашылығында араның көмегімен адамдар денсаулығын түзеуді де қолға алды. Шаруашылықты басқаруға оның қызы Юлия көмектеседі.

Өткен жылға дейін омарташылықта жүз ара шелегі болған. Қазір 70 ара шелегі бар. Қалғандарын Вера Павловна сатып, үйлер салды, өзі қоныстанған жерге шағын шіркеу (часовня) тұрғызды. Оның құрылысын Тұрғысыннан келген (Зырян ауданы) Олег Якубович зайыбы Маргаритамен бірге жүргізуде.

Омарташылықтың орналасқан жері бұрын Таловка деп аталатын. Енді бұл жерді ел Климовтың қонысы ретінде біледі.

Аралардың көмегімен сауықтандыру

ма) сырқатынан емдеуге болады деген шешімге келгенін оқыған едім.

Аталмыш институттың мамандары 1995 жылы емдеудің бұл тәсілін қолдану үшін лицензия алды. Олар ара шелектері мен арнайы ингаляция жасайтын құрал-жабдықтар орнатты және сауықтандырудың кешенді процедураларын қолданатын болды. Осылайша, біз де өз шаруашылығымызда осындай емдеу орнын ашпақпыз.

Әзірге омарташылықта ара шелектерінің үстіне жайғасуға болатын шағын екі үй салынған. Ғылыми түрде сауықтандырудың бұл тәсілі биорезонанстық терапия деп аталады.

- Омарта отбасының биоөрісі адам биоөрісіне ұқсас,- дейді В.Климова. Бірақ, адамның биоөрісі эмоционалдық ауытқулардың нәтижесінде біздің күнделікті өмірде, тепе-теңдіктен ауытқып отырады. Ал, аралар отбасының биоөрісі -



болады екенсің.

- Мен өзім жиі-жиі ара шелектерінің үстінде ұйықтаймын,- дейді Вера Павловна. - Мұның ара биоөрісінің адамдарға қалай көмектесетіндігін түсіндіруге пайдасы мол. Ауыр жұмыстан болар, менің жүрегім ауыратын. Ара шелектерінің үстіне ұйықтағаннан бері бұл сырқатты ұмыттым. Аяқ буындарыма, бүйректеріме де көмектесті. Жалпы, күш-қуатты арттыруға мүмкіндік береді. Келесі жылы туристер үшін сауықтандыру кешенін құруды жоспарлап отырмыз.

Ара – жер бетіндегі көне жәндіктердің бірі. Оның пайда болғанына 56 миллион жылға таяу уақыт өткен. Мұны янтарда

отырып, көптеген сауықтандыру кешендерін құруға мол мүмкіндік берері сөзсіз. Яғни, туризмді де дамытуға болады.

-Ауданомарташыларыныңбарлығына айтарым: өз омарташылықтарында осындай үйлер салындар, өздерінді де, достарыңды да, таныстарың мен туған-туысқандарыңды да сауықтандырындар дегім келеді,- дейді В.Климова.

Өкінішке орай, мұндағы омарташылардың көпшілігі мұндай кәсіпорындардың болашағына сенбейді. Ауданда мұндай кәсіпорынның осы уақытқа дейін тек біреу ғана екенін ойлағанда, осындай қорытынды жасайсың. Бірақ, Вера Климованың сеніміндей сенім әркімде болса, жақсы болар еді. Бұл сенім – адамдардың өмір сүруіне, жасампаздығына, игі істер жасауына, тіпті, өлең жазуға да оңды ықпал етері сөзсіз...



Материалдарды даярлаған:Шамиль Багаутдинов.
Суреттер автордікі.

ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ

«Белгілі бір мемлекетте шығармашылық тұлға қандай құрметке ие болатынын білудің ең оңай тәсілі - осы мемлекеттің авторлық құқық туралы заңнамасымен танысу»

Б. Шерман.

Әрбір қоғамның өмірінде материалдық құндылықтардан басқа рухани құндылықтар да маңызды рөл атқарады. Адам туылғанда табиғат оған ойлау, шығармашылық, ғылыми және мәдени туындылар жасау қабілетін сыйға береді. Осы шығармашылық туындылар әрбір халықтың, мемлекет пен адамзаттың рухани және зияткерлік қорын құрайды.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бастап, дүниежүзілік қауымдастықтың толыққанды мүшесі болып, халықаралық қатынастарда өзіне сәйкес құқықтар мен міндеттерді қабылдап отыр. Соған сәйкес ұлттық заңнамаларда Қазақстанда зияткерлік қарақшылыққа жол бермейтін заңдар қабылданды.

Қазақстан Республикасындағы зияткерлік меншік құқығын қорғау төмендегі заңнамалармен: ҚР «Азаматтық кодексі», «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы», «ҚР Патенттік Заңымен», «ҚР Тауар таңбалары, қызмет көрсету белгілері және тауарлардың шығу жері атаулары туралы» Заңымен, «Топологиялық микросхемаларды құқықтық қорғау туралы» Заңдарымен қорғалады.

Мемлекеттік органдар қазіргі күнде зияткерлік меншік құқығын қорғауды қамтамасыз ету шараларын қабылдауда. Оларды қабылдау Қазақстан Республикасының әлемдік аренада зияткерлік меншік құқығын қорғауды қамтамасыз ететін мемлекет ретінде танылуға жағдай жасайды.

Азаматтардың зияткерлік меншік құқығын қорғау арқылы мемлекет олардың шығармашылық өрісінің дамуын, сол арқылы ел экономикасының дамуына қолайлы жағдай жасайды. Зияткерлік меншік құқығын қорғау мәселесі тек қана өзінің шығармашылық

қызметінде объектілерімен ие болып жатқан азаматтарды алаңдатпайды, олармен бірге қызметі авторлардың және өнертапқыштардың құқықтарын қорғауына бағытталған мемлекеттік органдардың да зияткерлік меншікті шеттетпейді, өйткені осы бағытқа арналған мемлекеттік органдардың жұмысы жалпы Республиканың халықаралық шарттарына қосылуына және халықаралық ұйымдарға, ассоциацияларға және зияткерлік меншікті қорғау одақтарына кіруіне қажет.

Әрбір автор өз құқығы бұзылған жағдайда сотқа немесе Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік департаментіне, аумақтық органдарына немесе арнайы құрылған мүлктік құқықты реттейтін және қорғайтын қоғамдық ұйымдарға арыздануына болады.

Алмас Амангельдинов,
аудандық әділет
басқармасының бас маманы.



Өткен аптада Үлкен Нарында «Device» полиграфиялық салон ашылды. Оның иесі – жеке кәсіпкер

Жамалхан Андреева.

САЛОН АШЫЛДЫ



Жамалхан Зейнелғабықызының айтуынша, ол көптеген жылдар бойы өндірістік тауарларды саудалаумен шұғылданған. Бірақ, соңғы уақытта сауда жүрмейтін болды. Әлемдік тоқыраудың нәтижесі ауыл кәсіпкерлеріне де кесірін тигізді. Олардың көпшілігі кәсіпкерлік іс-қызметтің жаңа, заманауи жолдарын іздестірді.

- Маған жастар полиграфиялық салон ашу туралы ұсыныс жасады. Шағын және орта бизнесті дамытуға қолдау көрсетудің «Жұмыспен қамту жол картасы - 2020» бағдарламасы бойынша несие алып, Өскемен қаласында қажетті құрал-жабдықтарды – компьютерлер, заманауи баспа машиналарын, қажетті қағаздар мен басқа да тауарларды сатып әкелдім,- дейді Ж.Андреева. – «Радуга» дәмханасымен қатар бір бөлмені жалға алдым.

Көрсетілетін полиграфиялық қызмет түрлері - түйіндеме мәтінін теру, сканерлеу, визит карточкаларын, грамоталар, бланктер жасау, фото суреттер шығару және т.б. Мысалы, ыдыстарға, футболкаларға суреттер басу. Қазіргі уақытта жастар әртүрлі музыкалық топтар-

ды ұнатады. Мысалы, полиграфиялық салонға келіп, кезкелген ұнаған суретті киімге бастырып алуға болады.

Жалпы, бұл ұсынысты әрі қарай да дамытуға болады. Қазіргі уақытта ауданға көптеген қонақтар мен туристер келеді. Мұндайда олардың біздің өңірді есте сақтаулары үшін қандай сыйлық жасауға болады? Әдетте қонаққа барған жерімізден әлдеқандай бір естелік заттар әкелеміз. Ал, полиграфиялық салонның қызметін пайдалана отырып, арнайы жазуы бар, әсем табиғаттың суреті бейнеленген киімді де сыйлауға болады. Бұл әрине, өте сәнді әрі ұзақ уақыт есте сақтайтын сыйлық болары сөзсіз.

Бұл істің барлығын әзірге, Сымбат Токтобаева атқарады. Ол Шығыс Қазақстан облыстық техникалық-экономикалық колледжінде менеджмент мамандығын игерген.

- Тамыздың басында аудандық Мәдениет үйінде өткен бос лауазымдар жәрмеңкесінде маған осы жерден жұмыс ұсынды. Жұмыс қызықты, әрі компьютерлік техниканы білуді талап етеді,- дейді Сымбат.

Полиграфиялық салонда барлығы үш жұмыс



орны ұйымдастырылатын болады.

Татьяна Самойлова.
Сурет автордікі.

■ БІЗ - КАЗАҚСТАНДЫҚТАРМЫЗ!

ТАҒДЫРЛАРЫ ОРТАҚ

Біз, тарихи тағдырымыз ортақ Қазақстан халқымыз...

Қазақстан Республикасы Конституциясының мәтіні осылай басталады.

Новохайрузовкалық Роза Қалиқызы Жампейісова мен Владимир Борисович Пятотты да ортақ тағдыр қосты.

Олар Шірікқайың телімінде 1999 жылы жұмыс істеп жүрген кездерінде танысқан.

- Мен, ветсанитар болдым. Құралдарды әзірлеп, ветеринар маманға беріп тұрдым, ал Володя болса, қойларды ұрықтандыратын жерге жеткізіп тұрды. Осылайша, бірлесе еңбек ете жүріп, біз достасып кеттік, оның соңы махаббатқа ұласты. Үш жылдан соң біз үйлендік,- дейді Роза Қалиқызы.

2005 жылы бұл тату отбасында ұл бала дүниеге келді, оның есімін Сергей деп қойды.

- Ол өзіме ұқсайды, бірақ, мінезі – әкесінікі,- дейді Роза Қалиқызы. Айта кетерлік жайт, Роза мен Владимир өте еңбекқор адамдар, ешқашан қол қусырып, қарап отырмайды.

Владимир Борисович шаруа қожалықтарында жұмыс істеген, соңғы алты жылда кәсіпкер Марат Мұхаметқайыровтың наубайханасында жүргізуші ретінде Малонарым, Алтынбел, Белқарағай, Катонқарағай ауылдарындағы дүкендерге нан тасымалдайды.

- Таң сәріден тұрамын, нанды көлікке тиеймін. Онан соң, кезекті рейске шығамын,- дейді Владимир Пятот.

Үйде де дем алмайды, жеке ауласында сиыр, шошқа, қой, тауық, ара ұстайды.

- Омарташылықпен 2004 жылдан бастап шұғылданып келеміз. Мұнда менің тәлімгерім – тәжірибелі омарташы Николай Михайлович Доценко,- дейді Владимир Пятот.

Бұл жұмыстарға әрдайым зайыбы қолғабыс жасайды.

Роза Қалиқызы – тамаша отанасы.

Мейірімді, еңбекқор ауыл адамдары осылайша өмір сүруде.

Александр Мартынов.



БЖЗК ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ
ПЕНСИОННЫЙ ФОНД

Әлеуетті құрылымдар қызметкерлерінің 50% жарнасын аудару рәсімі аяқталды

2016 жылғы 10 тамызда жоспар-кестелерде көзделген әскери қызметшілердің (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа), арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерінің, сондай-ақ арнаулы атақтарға, сыныптық шендерге ие болу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған тұлғалардың пайдасына бюджет қаражаты есебінен бұрын аударылған міндетті зейнетақы жарналарының 50 пайызын республикалық бюджетке қайтару шаралары аяқталды.

Аталған шараның 2016 жылғы 18 ақпанда басталғанын еске сала кетейік. Жоспар-кестелерде белгіленген мерзімдер мен шаралар Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігімен, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен және тиісті уәкілетті мемлекеттік органдармен келісілді.

Әскери қызметшілердің және әлеуетті құрылымдар қызметкерлерінің пайдасына бюджет қаражаты есебінен бұрын аударылған міндетті зейнетақы жарналарының 50 пайызын республикалық бюджетке қайтару – аталған санаттағы азаматтарды толық мемлекеттік зейнетақымен қамсыздандыруға ауыстырудың міндетті талабы. Аталған шара олардың зейнетақы мөлшерін елеулі түрде көбейтуге мүмкіндік

береді.

Зейнетақы жинақтарының қалған бөлігін пайдалану құқығы әскери қызметшілер мен әлеуетті құрылымдар қызметкерлеріне зейнетақы заңнамасының нормаларына сәйкес жалпы негіздер бойынша беріледі. Қандай да бір себеппен жарналарының 50 пайызы қайтарылмаған әскери қызметшілер мен әлеуетті құрылымдар қызметкерлері де зейнетақы төлемдерін осы талаптарда алады.

Әскери қызметшілер мен әлеуетті құрылымдар қызметкерлерінің пайдасына міндетті зейнетақы жарналарын төлеу 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап тоқтатылды. Осы кезеңнен бастап «толық емес» көлемде еңбек сіңірген жылдары бойынша зейнетақы төлемдерін алатын (1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қызмет мерзімі 10 жылдан аз болған) әскери қызметшілер мен әлеуетті құрылымдар қызметкерлерінің зейнетақы мөлшері міндетті зейнетақы жарналарының сомасынан 50 пайызды жеке зейнетақы шотынан есептен шығару туралы БЖЗК растау-анықтамасының негізінде қайта есептеледі.

Сонымен қатар міндетті зейнетақы жарналарының сомасынан 50 пайызды жеке зейнетақы шотынан есептен шығару туралы БЖЗК растау-анықтамасын өткізу – 1998 жылғы 1 қаңтарда қызметке алғаш

кіріскен әскери қызметшілер мен әлеуетті құрылымдар қызметкерлеріне еңбек сіңірген жылдары бойынша мемлекеттік бюджеттен зейнетақы тағайындау талаптарының бірі.

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ (БЖЗҚ) 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. «БЖЗҚ» АҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлік басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін көтеру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді.

Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алууды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы.

Іс-шаралар жалғасатын болады

Сыбайлас жемқорлықпен күрес – қай елдің болмасын күрделі мәселесінің бірі болып саналады. Сыбайлас жемқорлықтың мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін едәуір төмендететіні, қоғамда демократиялық қайта құруларды жүзеге асыруды тежейтіні, елдің халықаралық беделіне көлеңке түсіретіні белгілі. Ең бастысы – адамдардың қоғамдық демократиялық негізіне деген сеніміне, заң мен әділдікке деген сеніміне, түптеп келгенде, билікке деген сеніміне сызат түсіретіні даусыз.

Сыбайлас жемқорлық – бұл нақты заңдық анықтамасы жоқ әлеуметтік құбылыс және кез келген құбылыс іспетті ол өзіне тән белгілермен сипатталады, әрі өз дамуында үлкен әлеуетке ие.

«Садық Түкібаев атындағы Еңбек орта мектебі» КММ-де Сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға байланысты іс-шаралар оқу жылының басында жасалып, жыл көлемінде жұмыс жасауда. Жоспарға сәйкес сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларын ұйымдастыру үшін Кеңес құрылған. Аталған Кеңес «Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы», «Мемлекеттік қызмет көрсету туралы» Заңдарды, сонымен қатар, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі 2011-2015 жылдарға арналған Салалық Бағдарламаны басшылыққа ала отыра жұмыс жасайды. Тұрғындар арасында сыбайлас

жемқорлықтың ұғымын, оның фактілерімен келген кездегі азаматтардың іс-әрекеттер тәртібін, сонымен қатар мұндай фактілерге дем бергені үшін жауапкершілігін түсіндіретін жаднамалар жасап, тарату, түсіндіру жұмыстарын жүргізу, отырыстар ұйымдастыру сияқты жұмыстар атқарылуда.

Аталған мәселе бойынша оқушыларда түсінік қалыптастырып, оның алдын алу үшін не істеу керек деген сауал көлемінде балалармен, ата-аналармен әңгіме жүргізіліп отырады. Атап айтсақ, 2015-2016 оқу жылында 5-7-сыныптың сынып жетекшілері Е.Асылбаев, А.Құсманова, Р.Бияров жемқорлық фактілерін балаларға ойын элементтері арқылы түсіндіре білсе, 9-11 сынып оқушылары сынып сағаттарында өз беттерімен одан қашық болудың жолдарын ұсынып жатты. Жалпы ата-аналар жиналысында мектеп психологы Е.Құнтаевтың "Сыбайлас жемқорлықты болдырмаудың жолдары" атты баяндамасы жоғары бағаланды.

Бұл іс-шаралар жаңа оқу жылында да жалғасын таба бермек.

**Б.Князбаева,
С.Түкібаев атындағы
Еңбек орта мектебі
директорының тәрбие ісі
жөніндегі орынбасары.**



СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕСУ – ӘР АЗАМАТТЫҢ БОРЫШЫ

Біз мүлде жаңа қоғамда өмір сүріп жатырмыз. Жаңа қоғамның сипаты іскерлік болса, бұл жолда жетістіктеріміз де аз емес. Ал шешімі күрделі мәселелер де бар. Ол – әлеуметтік мәселе. Бұл салада қоғам өмірінде түбегейлі шешімі табылмай тұрған мәселе, ол – сыбайлас жемқорлық. Елімізде осы мәселеге арнайы қабылданған заңдар да, атқарылып жатқан жұмыстар да баршылық, бірақ бұл мәселе әлі толық шешімін тапқан жоқ. Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық. Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен лауазымды қылмыстар жатады. Өмір көрсеткендей, қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, парақорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау, көрінеу жалған сөз жеткізу, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету, көрінеу жалған жауап беру, сарапшының жалған қорытындысы немесе қате аудару, жалған жауап беруге немесе жауап беруден жалтаруға, жалған қорытынды беруге не қате аударуға сатып алу, лауазымды адамдардың сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін орындамау, осындай қылмыстардың барлығы жемқорлық сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жою, құқықты түсіндіру

жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Халық өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет. Конституциялық тәртіпті қорғау, сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында тиімді, бірыңғай жалпы мемлекеттік саясат жүргізу, мемлекет пен азаматтардың өмір сүруінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық пен оның көріністері деңгейін төмендету, қоғамның мемлекетке және оның институттарына сенімін нығайту бүгінгі күндегі басты мақсат болып табылады.

Сондықтан, біз өз мемлекеттік мекемеміз, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған дөңгелек үстелдер, оқытулар, құқықтық талқылауларды үнемі өткізе отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы 2016 жылғы арнайы жасалған жоспардағы шараларды уақытында, сапалы орындауына күш салудамыз. Барлығымыз өз қызметімізде сыбайлас жемқорлыққа әкеп соқтыратын себептерге бой алдыртпай, тек заң аясында жұмыс істеп, мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексіндегі қойылған талаптарды бұлжытпай орындауға тиіспіз. Өйткені, мемлекеттік қызмет жауапкершілігі мол, абыройлы міндет. Жемқорлыққа қатысты заңды бұзған адам әкімшілік жауапкершіліктермен бірге, қылмыстық жауапкершілікке тартылады. Сонымен қатар, жемқорлық адамның тек өзіне ғана емес қоғамға, өзінің бүкіл өміріне, жанұясының жағдайына әсер ететінін естен шығармайық.

Белқарағай ауылдық округі әкімшілігі.

Балаға қуаныш сыйлайық

АКЦИЯ!

ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСАУҒА АСЫҒАЙЫҚ

Жыл сайын тамыз айында Білім мен Ғылым министрлігі қалыптасқан дәстүр бойынша «Мектепке барар жол» жалпы республикалық қайырымдылық акциясын ұйымдастырады. Мақсаты - аз қамтылған және көпбалалы отбасылар, жетім және ата – анасының қамқорлығынсыз қалған балалар ішінен оқушыларға жаңа оқу жылына дайындық кезеңінде және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке бармауының алдын-алу үшін көмек көрсету. Акция барысында мектепке бармайтын балаларды рейдтік іс – шаралар арқылы анықтауға, мектепке дайындау бойынша әлеуметтік қорғалмаған отбасыдан шыққан балаларға көмек көрсетуге зор көңіл аударылуда. Мектеп



ұжымы мен ауыл тұрғындары «Бақытты балалық шақ» ұранымен өткізіліп жатқан бұл акцияға белсене қатысуда. Көпбалалы отбасынан шыққан мектеп табалдырығын алғаш аттағалы отырған Арна Нұрғабденоваға мектептің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Р.Ахметжанова спорт киімін сыйға тартып, қуанышқа бөледі. Өмірдің қарбалас тірлігін бір сәтке ұмытып, бүлдіршіндердің жүзінен қуаныш күлкісін көру - біз үшін үлкен бақыт екенін ұмытпайық.

**Б.Жақсылықова,
Әбдікерім атындағы
Шыңғыстай орта мектебінің
кітапханашысы.**

Жыл сайын жаңа оқу жылы қарсаңында мектеп жасындағы барлық бала түгелдей мектеп табалдырығын жарқын көңілмен аттау үшін 1 тамыз – 30 қыркүйек аралығында Республикамызда «Мектепке жол» ауқымды акциясы өткізіледі. Ал биылғы жылы Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 25-жылдығына орай «Бақытты балалық шақ мекені» ұранымен өтуде.

Осы акцияның ойдағыдай өтуіне Балғын орта мектебінің ұжымы да атсалысты. Мектеп оқушылары қатарынан әлеуметтік көмек қажет ететін отбасы балаларының тізімі жасалды. Балаларды оқу құралдарымен, аяқ – киіммен қамтамасыз ету үшін жеке кәсіпкерлерге

көмек көрсету туралы хаттар жолданып, үгіт – насихат жұмысы жүргізілді. Осы жұмыстардың нәтижесінде ауылымыздың жеке кәсіпкерлері Б.Абдығалиева, М.Өлікенова оқушыларымызға оқу-құралдары мен киім-кешектерді тарту етті. Мектеп ұжымы 5 оқушыға оқу құралдарын және 1 оқушыға спорттық киім, аяқ киім сыйлады.

Алдағы уақытта жаны жомарт жандар бала жүрегін қуантып, өз үлестерін қосатынына сеніміміз мол.

**Н.Садыкова
Балғын орта мектебі
директорының тәрбие ісі
жөніндегі орынбасары.**

(Жалғасы. Басы газеттің өткен санында).

Террористік актілерді болдырмау жөніндегі халыққа арналған жадынама

Күдікті зат тауып алған кездегі тұрғындарға арналған жадынама

Біліңіздер: заттардың сыртқы көрінісі оның расында неге арналғанын жасыруы мүмкін. Жарылғыш заттар үшін камуфляж есебінде әдеттегі тұрмыстық заттар қолданылады: сумка, пакет, түйіншек, қорап, ойыншық және т.б.

Табылған заттардың жарылу қаупін куәландыратын, белгілері:

- 1) көлік маңында, баспалдақта, пәтерде және т.б. орындарда белгісіз түйіншектің немесе басқада бір заттардың болуы;
- 2) бөтен сумка, портфель, қорап, басқада заттың: кіреберісте, пәтер есігінің, көліктің маңында өзгеше орналасуы;
- 3) табылған күдікті заттан шудың шығуы (сағат механизміне, жиілігі төмен дыбысқа тән).

Егер де сіз күдік тудыратын зат тауып алсаңыз, ол фактіні назардан тыс қалдырмаңыз:

- 1) қоғамдық көлікте:
- заттың (сөмкенің және т.б.) кімдікі екенін немесе кім қалдырып кетуі мүмкін екенін қасыңыздағы адамдардан сұраңыз;
- егер иесі анықталмаса, табылған зат туралы дереу жүргізушіге немесе кондукторға хабарлаңыз.
- 2) үйіңіздің кіре берісінде:
- көршілерден сұраңыз, мүмкін ол зат соларға тиесілі шығар. Егер иесі анықталмаса, табылған зат туралы дереу құқық қорғау органдарына хабарлаңыз (тел. 102, 112).
- 3) көшеде, саябақта және т.б.:
- айналаңызға қараңыз, егер мүмкіндік болса, заттың иесін анықтауға тырысыңыз. Егер ол анықталмаса, құқық қорғау органдарына шұғыл хабарлаңыз (тел. 102, 112);
- затты бөгде адамдардан оқшаулауға немесе алыс арадан затқа бөтендерді жібермеуге тырысыңыз. Құқық қорғау органдарының қызметкерлері келген бойда зат табылған уақыт туралы ақпарат беріңіз.
- 4) мекемелерде, ұйымдарда:
- тауып алған зат туралы объект күзетшісіне не-

месе әкімшілігіне дереу хабарлаңыз.

Табылған затпен немесе күдік тудыратын заттармен жеке **іс-қимыл жасауға тырыспаңыз**, олар жарылғыш құрылғылар болуы мүмкін, бұл жарылысқа, көптеген құрбандыққа, қирауға әкелуі мүмкін.

Үзілді-кесілді тыйым салынады:

- табылған затты ұстауға, ашуға және орнынан қозғауға, бір жерден екінші жерге апаруға, қолға алуға;
- табылған затты қалтаға, портфельге, сөмкеге салуға және т.б.;
- жерге көмуге немесе оларды су қоймаларына тастауға;
- заттардан шығып тұрған сым темірлерді немесе сымдарды үзіп тастауға немесе тартуға, оларды залалсыздандыруға тырысуға;
- табылған заңсыз затты пайдалануға;
- оған жақын аралықта радио- және электрлі - аппараттарын, ұялы телефондарды пайдалануға;

(Жалғасы бар).

«Тілдер шеруі» айлығы өтеді

Катонқарағай ауданының Ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі 2016 жылдың 15 тамызынан 15 қыркүйегі аралығында Қазақстан халқының тілдері күніне арналған «Тілдер шеруі» атты айлық өтетінін хабарлайды. Айлық барысында Қазақстан Республикасындағы тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру үшін көптеген шаралар ұйымдастыру көзделген. Өткізілетін айлықтың басты мақсаты - Қазақстан халқының мәдениеті мен тілін,

қазақ тілін халықтың рухани және мәдени мұрасы ретінде насихаттау, одан әрі халық арасындағы достық пен қоғамдағы келісімді нығайту, мәдени-көпшілік шараларды ұйымдастыру.

Айлық кезінде аудандағы мекеме, ұжымдар ұйымшылдық пен белсенділік таныта біледі деген үміттеміз.

Аудандық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі.

Назар аударыңыз!

Катонқарағай ауданы бойынша бос лауазымдар туралы, бос әкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасуға өткізілетін конкурстар мен мерзімдері, құжаттарды қабылдау бойынша ақпаратты Катонқарағай ауданы әкімінің ресми сайтында «Мемлекеттік қызмет» айдарында www.katon-karagay.vko.kz мекен-жайы бойынша немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік істері Министрлігінің сайтынан «Өңірлік деңгейдегі бос лауазымдар» айдары www.kyzmet.gov.kz мекен-жайы бойынша біле аласыздар.

«Катонқарағай ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі бос лауазымға орналасуға КОНКУРС жариялайды

Катонқарағай ауылындағы «Ленин атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне – 1 бірлік, «Аршаты орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне – 1 бірлік, «Берел орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне – 1 бірлік (G-4 санаты бойынша) (мектеп директорлары) лауазымдық жалақысы еңбек өткен жылдарына байланысты 81627-90255 теңгені құрайды.

Функционалдық міндеттері: Білім беру ұйымының қызметін оның жарғысына және басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес басқарады. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын педагогикалық және әдістемелік кеңеспен бірлесіп отырып іске асыруды ұйымдастырады. Жұмыс жоспарын, бағдарламалар мен жұмыс жоспарларын бекітеді. Бекітілген учаскедегі балаларды жалпыға міндетті оқытумен қамтамасыз ету заңына сәйкес жалпыға міндетті оқытумен қамтамасыз етеді. Оқу-тәрбие процесін ғылыми-әдістемелік және материалдық-техникалық базасын ұйымдастырады және жетілдіреді. Қазіргі заманғы ақпараттық технологиялардың дамуын қамтамасыз етеді. Педагогикалық ұйымдар, әдістемелік бірлестіктер, балалар ұйымдары қызметіне ықпал етеді. Білім беру құқығы лицензиясына сәйкес оқушылар, тәрбиеленушілер контингентін қалыптастырады, оқушылар мен тәрбиеленушілерді әлеуметтік қорғауды қамтамасыз етеді. Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың арасынан шыққан тәрбиеленушілердің заңды құқығы мен мүдделерін (жеке, мүлкілік, босаналық, еңбек және басқа да) қорғайды, олардың туысқандық байланысын қолдай отырып, оларға жағдай жасайды. Тәрбиеленушілер мен білім алушыларды асырап бағу үшін белгіленген мөлшерден кем емес жағдаймен қамтамасыз етеді. Оқу-тәрбие процесі кезінде білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) және білім беру тәрбие процесі кезінде білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) және білім беру ұйымы қызметкерлерінің өмір қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтауға қажетті жағдай жасайды. Оқушыларды қорғау және олардың денсаулығын нығайту мақсатында тамақтану және медициналық қызмет көрсету жұмысын ұйымдастырады және оған бақылау жүргізеді. Белгіленген заңнама шегінде білім беру ұйымының мүлкі мен құралдарына басшылық етеді, жыл сайын құрылтайшылардың қаржылық және материалдық қаражаттың түсуі және жұмсалуды туралы есебін береді.

Нормативтік талаптарға сәйкес есеп жүргізіп, оқу-материалдық базаның сақталуын және толықтырылуын қамтамасыз етеді, ішкі еңбек тәртібі ережесін, санитарлық-гигиеналық режимді, еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігін сақтау үшін жауап береді.

Педагог кадрларды және қосымша қызметшілерді іріктеуді және жұмысқа тартуды жүзеге асырады, басқару құрылымын, қызметкерлердің штаттық кестесін, лауазымдық нұсқаулығын бекітеді, олардың кәсіби шеберлігін арттыру үшін жағдай жасайды. Педагогикалық

кеңесті басқарады. Белгіленген тәртіп бойынша қызметкерлерді аттестаттау жүргізеді. Қызмет барысында айырықша көзге түскен оқытушылар мен білім беру ұйымдарының қызметкерлерін өзінің құзретіне қарай марапаттауға және көтемелеуге ұсынады және өз құзретінің аясында жаза белгілейді.

Жұртшылықпен, ата-аналармен (немесе оларды алмастырушылармен) байланысты жүзеге асырады. Мемлекеттік және басқа да ұйымдарда білім беру ұйымын танытады, қажетті есеп қаражаттарын дайындауды және ұсынуды қамтамасыз етеді.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы», Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы», «Арнайы әлеуметтік қызмет туралы», «Кемелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтар мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы», Заңдарын және басқа да білім беруді дамытудың бағыттары мен келешегін айқындайтын нормативтік құқықтық актілерді; педагогика мен психология негіздерін; мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын; педагогиканы, педагогикалық психологияны, педагогикалық ғылым мен практиканың жетістіктерін; менеджмент негіздерін, қаржы-шаруашылық қызмет туралы заңнамаларды; еңбек туралы, еңбекті қорғаудың, техника қауіпсіздігі және өртке қарсы қорғандың ережелері мен нормаларын; санитарлық ережелер мен нормаларды.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары педагогикалық білім және білім беру ұйымдарындағы педагогикалық жұмыс өтілі кемінде 5 жыл, оның ішінде басқарушылық қызметте кемінде 1 жыл болуы тиіс. Құжаттарды толығымен нотариалды куәлендірілген (жеке бас күші, білім туралы құжат көшірмесі, еңбек кітапшасының көшірмесі, өтініш, өзінде бар бірінші немесе жоғары біліктілік санатының куәлігі), бұрынғы жұмыс орнынан мінездеме, медициналық куәлендіруден өтуі туралы, сотты болмағандығы туралы және мекенжай анықтамаларын ұсынуы қажет.

Бос лауазым бойынша конкурсқа қатысқысы келген үміткер қажетті құжаттарды, конкурс өткізу туралы хабарландыру ресми басылымға (аудындағы «Арай-Луч» газеті) жарияланған сәттен бастап 15 жұмыс күні ішінде мына мекенжайға өткізуі тиіс: 070908 Катонқарағай ауданы Үлкен Нарын ауылы Шулятикова көшесі 66 үй, «Катонқарағай ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

Анықтама телефоны: 2-14-40.

ЕСКЕ АЛУЛАР

Үлкен Нарын ауылының тұрғыны, аяулы ана болған, ауданның мәдениет саласына бүкіл саналы ғұмырын арнаған Отарчинова Мақтагүл Құсманқызының мезгілсіз дүние салуына 40 күн толуына орай сағына еске аламыз.	
Қырық күн болды жүрегін тоқтағалы, Қайырылып үйіне соқпағалы. Ағайын, туыс-бауыр жүрміз міне, Орныңды толтыра алмай жоқтап әлі. Мәңгілік кім бар дейсің бұл жалғанда, Ұзағырақ жүре тұрсаң амал бар ма?!	Барамыз сағынғанда басыңа да, Оған да сағыныш басылар ма?! Тағдырға адам шара қыла алмайды, Ойламай кеткен жанды тұра алмайды. Артыңда қалған туыс, балаларың, Мәңгілік сені есінен шығармайды.
Қиналған сәтте қол ұшын беріп, демеушілік көрсетіп, орны толмас қайғымызға ортақтасқандарға алғысымызды білдіріп, барлық ағайын-туыстарды, құда-жекжаттарды, марқұмның әріптестері мен достарын 31 тамыз күні сағат 12-00-де Үлкен Нарын ауылының «Сары Арқа» мейрамханасында өтетін қырық күндік асына шақырамыз.	
Еске алып, асқа шақырушылар: апайы, балалары.	
	Асқартаудай әке, ата, Аққайнар ауылының тұрғыны болған Базарбаев Бөкейхан Қалиқанұлы тірі болса, 1 қыркүйекте 53 жасқа толар еді.
	Көре алмай тіршіліктің көп қызығын, Тата алмай шаттық өмір тәттілігін. Жарқырап келе жатқан әкеміз ең, Өттең-ай! Ерте сөнді-ау от-ғұмырың.
	Сегіз ай өтті асқар тауымыз құлағалы, Сегіз ай өтті анамыз іздеп жылағалы. Өр күніміз сағынышпен өткенімен, Жүрегіміз әке деп соғады әлі.
	Өрқашан еске аламыз сағынғанда өзінді, Жебеп жүрші, әке, артта қалған отбасыңды.
Сағынышпен еске алушылар: зайыбы - Ләзат, балалары - Гүлнұр, Ернұр, келіні - Маржан, немересі - Әкежан, туған-туыстары.	



Аққайнар ауылының тумасы, Өскемен қаласының тұрғыны болған **Тұраров Нұрахмет Уәтайұлын** сұм ажал ойламаған жерден ортамыздан алып кеткеніне де, міне, 40 күн толады. Орның толмас, ойсырап қалды міне, Жүрек сыздап, өзінді сағынамыз. Жоқ дегенге, өттең-ай, қимасақ та, Тағдырдың дегеніне бағынамыз.

Өнерлі едің, шебер ең, алтын қолды, Қадірлі едің, ағайын, ел-жұртыңа. Асыл бейнең қалады жүректерде, Ұмытылмақ емессің ешқашанда.

28 тамыз күні сағат 12.00-де Өскемен қаласының Орталық мешітінде марқұмның рухына құран бағыштап, ас беретінімізді хабарлаймыз. Қайғымызға ортақтасып, көңілімізді жұбатқан барлық туыстарға, құдаларға, жора-жолдастарға алғысымызды білдіре отырып, асқа шақырамыз.

Еске алушылар: Тұраровтар әулеті.

Черемошка негізгі орта мектебінің ұжымы, осы мектептің кітапханашысы Альбина Шпекбаеваға **анасы Күлзига Шпекбаеваның** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

ТҮРҒЫНДАР НАЗАРЫНА!

«Нарын-Сервис» ЖШС 2016 жылдың 27 тамызында Үлкен Нарын ауылында орталық жылу беру жүйесіне су толтыратындығын хабарлайды. Жылу тұтынушылардан бұл күні үйде болуларын және жылу беру жүйесін бақылауды өтінеміз. Қажет болған жағдайда **2-10-65; 2-11-06** телефондарына хабарласуға болады.

«Нарын-Сервис» ЖШС әкімшілігі.

ХАБАРЛАНДЫРУЛАР

2010 ж.ш. СА 2514 А күші бар **тракторы** сатылады (ҚХР). Бағасы келісім бойынша. **Тел: 87751532113; 87779974008; 2-75-93.**

Жалпы аумағы 91 ш.м. болатын жұмыс істеп тұрған дүкен сатамын. Сондай-ақ, таскөмір, малазықтық тұз сатылады. **Телефондар: 87779914509; 87052824248; 8(72341)2-11-73.**

Жалпы аумағы 80 ш.м. болатын **3 бөлмелі кірпіш үй** сатылады. Жағдайы жақсы, жиһаздалған, барлық шаруашылық құрылыстары, бау-бақшалық жері бар. Бағасы келісім бойынша. **Телефон: 2-94-80 (Үлкен Нарын). 87775192880.**

«Солдатово орта мектебі» КММ-не 2016-2017 оқу жылына төмендегідей мамандар қажет:

- ағылшын тілі пәнінің мұғалімі – 1 ставка;
- физика пәнінің мұғалімі – 1 ставка;
- математика пәнінің мұғалімі – 1 ставка;

Қойылатын талаптар: педагогикалық жоғары білім. **Телефондар: 8(72341)25724; 8(72341)25798; 87776330463.**

«Қ.Дамитов атындағы орта мектебі» КММ төмендегідей бос орындарға конкурс жариялайды:

- орыс тілі және орыс әдебиеті пәні мұғалімі -1 бірлік;
- бастауыш сынып мұғалімі -1 бірлік;

Қойылатын талаптар: педагогикалық жоғары білім. **2-95-43 телефонна хабарласуға болады.**

«Яры негізгі орта мектебі» КММ-не 2016-17 оқу жылына бастауыш сынып мұғалімі, шағын орталық тәрбиешісі, дене шынықтырудан, физикадан, орыс тілінен, информатикадан, тарихтан мамандар қажет.

Байланыс телефондары: 2-01-88, 2-01-86, 87771625135.

«Топқайың орта мектебі» КММ-не 2016-2017 оқу жылына төмендегідей мамандар қажет:

- физика пәні мұғалімі – 3 сағат;
- математика пәні мұғалімі – 7 сағат;
- информатика пәні мұғалімі - 7 сағат;
- 0,5 ставка – лаборант;
- алғашқы әскери дайындық пәні мұғалімі – 1 ставка, 2 сағат.
- орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі – 19 сағат.

Қойылатын талаптар: мамандығы бойынша арнаулы орта немесе жоғары білімі болуы қажет. **Байланыс телефоны: 2-07-76.**

«Өрел орта мектебі» КММ-не төмендегідей мамандар қажет:

- орыс тілі пәні мұғалімі - 1 бірлік;
- тарих пәні мұғалімі - 9 сағат;
- математика пәні мұғалімі - 9 сағат.

Қойылатын талаптар: арнайы орта немесе жоғары білімі болуы қажет. **Тел: 8(72359)36211; 87014693709.**

Меншік иесі «Шығыс Ақпарат» ЖШС-і. Директоры М.Ә.Белдекбаев	Компьютерлік беттеу операторы: Жанар Рахимбаева Газет нөмірі бойынша кезекші: Жанар Қасымханова	Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде тіркеліп, 04. 05. 2015 жылы № 15348-Г тіркеу туралы куәлік берілген. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазбалар өңделмейді және қайтарылмайды. W белгісі қойылған мақалалар жарнама ретінде жарияланады. Газет «Арай»- «Луч» компьютерлік цехында теріліп, беттелді. Мекенжайы: 070900, Катонқарағай ауданы, Үлкен Нарын ауылы, Абылайхан көшесі, № 96 үй. Газет «Шығыс - Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды. Өскемен қаласы, Бажов көшесі, 12. Тел: 8 (723-2)75-15-38. Жарнамалар мен хабарландырулар мәтіндерінің дұрыстығы үшін редакция жауап бермейді.
Катонқарағай ауданы бойынша «Шығыс Ақпарат» ЖШС-нің бөлімі «Арай» - «Луч» газеті Бас редактор Жомарт Жақыпов	Телефондар: Директор-редактор - 8(72-341) 2-90-60, Тілшілер - 2-11-53, 2-19-79. Бухгалтер - 2-19-96. Компьютер цехы (факс) - 2-14-60. Катондағы тілшілер қосыны - 2-13-71. Мекен-жайы: 070900, Үлкен Нарын ауылы, Абылайхан көшесі, № 96 үй. e-mail: arai-luch@mail. ru	
		Газет жұма күні қазақ және орыс тілдерінде шығады. Офсетті басылым. Көлемі 2 баспа табақ. Индексі: «Арай» 6 айға - 19313, 12 айға - 19351; «Луч» - 6 айға -19314 12 айға - 19352. Нөмірдің таралымы - 2463 дана: «Арай»-1430, «Луч»-1033. № 7823